



АҚОРДА

СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Мемлекет басшысы Жапонияның Сыртқы істер министріні қабылдады.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен министр Такеши Ивая сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-транзит және мәдени-гуманитарлық салалардағы қазақ-жапон кеңейтілген стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылады. Сондай-ақ халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, оның Астанаға сапары екі ел арасындағы қарым-қатынасты арттыруға тын серпін беретінін атап өтті.

— Жапония — Азиядағы сенімді әрі жақын серіктесіміз. Біз Токиомен жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән береміз. Премьер-министр Ишиба ыстық ықыласымды жеткізуді сұраймын. Премьер-министр Шигеру Ишиба Қазақстанға ресми сапармен келмекші. Біз оның сапарын асыға күтіп, дайындалудамыз. Өзара қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр деп сеніммен айтуға болады, — деді Президент.

Өз кезегінде Такеши Ивая қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне ризашылығын білдірді.

— Сіздің сәлеміңізді Премьер-министрімізге міндетті түрде жеткіземіз. Қазақстан мен Жапония — халықаралық тәртіпті күшейтуге мүдделі стратегиялық серіктестер. Менің бұл сапарым екі ел арасындағы байланысты одан әрі дамытуға жол ашады деп ойлаймын, — деді Жапония Сыртқы істер министрі.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Такеши Ивая халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде әңгімелесті.

ЫНТЫМАҚТЫ НЫҒАЙТҚАН ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Конго Демократиялық Республикасы Президентінің арнаулы өкілі Патрик Мпойи Луабейаны қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Патрик Мпойи Луабейаға ілтипат білдіріп, оның сапарын Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасы арасындағы ынтымақтастықты дамыту жолындағы маңызды қадам ретінде қарастыратынын атап өтті.

Патрик Мпойи Луабейа Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін ризашылығын білдіріп, Конго Демократиялық Республикасы Президенті Феликс Чисекедидін арнайы сәлемін жеткізді.

Кездесу барысында Конго Демократиялық Республикасы Президентінің Қазақстанға жасайтын сапарына дайындық мәселелері, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың перспективті бағыттары талқыланды.



СОТ ЖҮЙЕСІНЕ СЕНІМ КҮШЕЮІ КЕРЕК

Президент Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады.

Мемлекет басшысына биылғы жеті айдағы сот жүйесі қызметінің қорытындылары жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа азаматтық істер бойынша дауларды шешудің баламалы әдістерін қолдану 24 пайызға, яғни 61 мыңнан 76 мыңға дейін өскені айтылды. Олардың қатарында медиация, бітімге келу мен татуластыру рәсімдері бар.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, азаматтардың мемлекеттік ор-

гандармен арадағы даулар бойынша құқығын қорғау шеңберінде әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың 2,6 мың актісі (57 пайыз) заңсыз деп танылды.

Сондай-ақ Президентке қылмыстық іс жүргізуде конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету шаралары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, тергеу соттарының қамауға алуды санкциялаудан бас тарту үлесі 23 пайыз-

дан 37 пайызға өсті. Ақталған азаматтардың саны (жеке айыптау істерін қоспағанда) 59-дан 88-ге жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биылғы 1 шілдеден бастап дербес кассациялық сот жұмыс істей бастады. Алғашқы айдың өзінде аталған мекемеге 5 мыңға жуық арыз-шағым түскен.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың сот жүйесіне сенімін нығайту және сот төрелігінің сапасын арттыру жұмыстарын жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ САПАСЫ АРТАДЫ

Президент Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованы қабылдады.

Мемлекет басшысына денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі жай-күйі мен алдағы кезеңге арналған перспективті міндеттері жөнінде баяндалды.

Ақмарал Әлназарованың айтуынша, өткен жылы елімізде өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жеткен. Бұл — әлемдік орташа деңгейден жоғары көрсеткіш. Биылғы бірінші жартыжылдықта жалпы өлім-жітім 3 пайызға төмендеді. Былтыр алғаш рет ана мен бала өлімі ең аз көлемде тіркелді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғашқы медициналық-санитарлық көмектің тиімділігін арттыру, «Қолжетімді емхана» тұжырымдамасын жүзеге асыру, халықтың скринингтен өтуін жеңілдету бойынша мәлімет берілді.

Дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз ету және оның айналымын бақылауды күшейту шаралары жүргізіліп жатыр.



2024 жылмен салыстырғанда дәрігерлер тапшылығы республикада — 19 пайызға, ауылдарда — 16 пайызға және орта буын медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі 7 пайызға азайды.

Президентке медицина қызметкерлерін қорғау шаралары жөнінде ақпарат берілді. Бұл орайда заңнаманы қатандатуға, дәрігерлерге шабуыл жасалған жағдайда жедел көмек көрсетуге ден қойылады.

Министрліктің мәліметінше, келесі жылдан бастап әлеуметтік осал топтағы 1 миллион адам медициналық сақтандырумен қамтылады.

Мемлекет басшысы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендердегі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету нысандарының құрылысын жыл соңына дейін аяқтау, міндетті медициналық сақтандыру жүйесін тиімді ету, аса маңызды дәрі-дәрмектердің отандық өндірісін дамыту бойынша бірқатар міндет жүктелді. Сондай-ақ азаматтардың денсаулығын нығайту және медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру жұмыстарын жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

ҚОҒАМ

ЖАТАҚХАНАСЫЗ ЖАСТАРДЫҢ ЖЫРЫ БІТЕР МЕ?

Елімізде ірі жатақхана ашатындар қарасы көп. Жарысқа түскендей көрінетіні бар. Бұрынғы біраз қонақүй, хостел, тіпті сауда үйі жабылып, реконструкциядан өтіп, маңдайшасына «Студенттер үйі» деген жаңа жазу ілді. Себебі жатақхана ашу біршама табысты бизнеске айналды. Оның қожайынына ақшаны Үкімет те, шәкірттер де қатар төлейді. Бұған қоса, мемлекеттен субсидия, артықшылық-преференциялар бар. Ал төменгі қабатын коммерциялық алаң ретінде пайдаланып, асхана, дәмхана, дүкен, басқасын ашып, қосымша пайда табуға болады. Бұл науқан «жетімбұрыш» жағалаған жастар проблемасын түпкілікті шешті ме?



26 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ДАМУ

БЕЙНЕУДЕ «ҚАМҚОРЛЫҚ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

20 тамыз күні Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында ерекше күтімді қажет ететін 18 жасқа дейінгі балаларға арналған «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды.



Іс-шараға облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай, қоғамдық кеңес пен ардагерлер кеңесінің мүшелері, мекеме басшылары, ауыл ақсақалдары және жергілікті тұрғындар қатысты.

Өз сөзінде аймақ басшысы заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа орталықта балалар уақытылы, сапалы медициналық көмек алатынына сенім білдірді. — Мемлекет басшысы ерекше балалар үшін сапалы әрі қолжетімді оңалту қызметін қамтамасыз етуді басым міндеттердің бірі ретінде атап өтеді. Осы мақсатта Бейнеу ауданында заманауи талаптарға сай жаңа орталық ашылып отыр. Мұнда балалар дер кезінде медициналық көмек алып, денсаулығын қалпына келтіруге және өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік алады. Барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген бұл орталық ата-аналарға да үлкен қолдау болмақ. Енді олар баласын алысқа апармай-ақ, аудан орталығынан сапалы қызмет ала алады. Баршаңызға денсаулық пен отбасыларыңызға амандық тілеймін, — деді Нұрдәулет Қилыбай.

Жаңа орталық жылына 600-ге дейін баланы қабылдап, 14 күндік оңалту курстарын ұйымдастырады. Балаларға әр 2-3 ай сайын үздіксіз ем алу мүмкіндігі беріледі. Ай сайын шамамен 100 балаға дейін қабылдау жоспарланған.

Аумағы 444,5 шаршы метрді құрайтын ғимарат Бейнеу ауылының әкімі тарапынан күрделі жөндеу жүргізіліп, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен «Қамқорлық қорының» қолдауымен жаңа заманауи жабдықтармен жасакталды.

Орталықта 1 дәрігер, 8 орта буын және 2 кіші медицина қызметкері жұмыс істейді. Сонымен қатар қызмет көрсететін 10 маман арнайы кәсіби дайындықтан өткен.

«Қамқорлық» орталығы орталық жүйе жүйесі зақымданған, сал ауруы, даун синдромы, бұлшықет дистрофиясы секілді диагнозы бар балаларға оңалту көмегін көрсетеді. Жобаның мақсаты — балаларды ерте кезеңнен оңалтып, олардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету, өмір сапасын жақсарту және мүгедектіктің алдын алу.



МӘДЕНИЕТ

ӘН КӨГІНДЕ ҚАЛЫҚТАҒАН

Отандық өнерпаз Александр Лим «Новая волна – 2025» халықаралық жас орындаушылар байқауында жеңімпаз атанды. Ол – осы фестивальда жеңіске жеткен алғашқы қазақстандық.



Өртiс әлеуметтiк желiлерде кавер-видеоларымен танымал болды. Әншi орыс, ағылшын, итальян, түрiк және баска тiлдерде хит әндердi орындап, видеолары мындаған каралым жинаған. 2018 жылы Александр Lim a singer Kazakhstan байқауына қатысып, жартылай финалға жеттi. 2021 жылы ол танымал «Голос Украины» шоуына қатысып, Надежда Дорофееваның жетекшiлiгiмен жасырын тыңдалымнан сәттi өтiп, нокаут кезеңiне дейiн өнер көрсеттi. Сондай-ақ тағы бiр қазақстандық орындаушы Ерназар Жұбан да жүлделi орынға ие болды. Былтыр ол Витебск қаласында өткен «Славян базары» халықаралық вокал байқауында 1-орынды жеңiп алған едi. Әншi «Новая волна» додасында лайықты өнер көрсетiп, 3-орынға ие болды. Мәдениет және ақпарат министрлiгi өнерпаздарды жаркын жетiстiктерiмен шын жүректен құттықтайды және жас әншiлердiң кәсiбi өсуiне үнемі қолдау көрсетуге дайын. Бұл жеңiс ән өнерiнiң дамуына сеп болып, елiмiздiң әлемдiк деңгейде өз орнын нығайта түсерi сөзсiз.

1,1 МЛН-НАН АСТАМ ҚАНДАС ОРАЛДЫ

2025 жылдың басынан бері 8 051 этникалық қазақ тарихи Отанына оралып, қандас мәртебесін алды. Ал тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері Қазақстанға 1 млн 156,1 мың этникалық қазақ қоныс аударған.

Қандастардың басым бөлігі Өзбекстан мен Қытайдан келіп жатыр. Биыл елге оралған қандастардың 44,2 пайызы Өзбекстаннан, 43,2 пайызы Қытайдан, 5 пайызы Түрікменстаннан, 2,7 пайызы Моңғолиядан, 2,4 пайызы Ресейден көшіп келсе, 2,5 пайызы басқа елдерден көшіп келген.

2025 жылғы 1 тамыздағы дерек бойынша қандастардың 59,1 пайызы еңбекке қабілетті жаста, 31,8 пайызы балалар болса, 9,1 пайызы зейнеткерлер. Білім деңгейі бойынша қандастардың 15,7 пайызы жоғары білімді, 28,1 пайызы кәсіби орта білімді, 53,5 пайызы жалпы орта білімді, болса, 2,7 пайызының арнайы білімі жоқ.

Ресми ақпарат бойынша, этникалық казактар еліміздің барлық аймағына қоныстануда. Дегенмен еңбек күші тапшы Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Атырау, Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарына басымдық берілуі себепті осы өңірлерде көші-кон көрсеткіші көбірек болып отыр.

2025 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы — 2 309 адам. 1 тамыздағы жағдай бойынша 1 286 қандас қоныстандыру өңірлеріне көшіп барды. Қоныс аударған қандастарға мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетіледі. Көшуге арналған субсидия бойынша отағасына және әр отбасы мүшесіне 70 АЕК (275,2 мың теңге) көрсеткіш деңгейінде қаражат қарастырылса, тұрғын үй жалдау және коммуналдық қызметтерге өтемақы төлеу үшін бір жылға 1-30 АЕК (59-118 мың теңге) көлемінде қаражат қарастырылған. Жыл басынан бері 563 қандасқа қолдау шаралары ұсынылып, оның ішінде 221 адам тұрақты жұмысқа орналас-тырылды.

Ал ерікті қоныс аудару шараларын қолдау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, «Солтүстік өңірлерге қоныс аударуды ын-таландыру үшін жаңа тетіктер енгізілді. Атап айтқанда, экономикалық ұтқырлық сертификаты арқылы тұрғын үй сатып алу немесе ипотекалық қарыздың алғашқы жарнасын жабуға мүмкіндік берілді. Сертификат мөлшері тұрғын үй құнының 50%-ына дейін, яғни бір отбасына 4,56 млн теңгеге дейін беріледі», — делінген бейінді министрлік хабарлама-сында.



ОНЛАЙН ФОРМАТТА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі есту қабілеті бойынша мүгедек-тігі бар азаматтарға ым-ишара тілі мамандарының қызметтерін көрсетудің қолда-ныстағы қағидаларына өзгерістер енгізуді көздеп отыр.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдар үшін аталған қызмет-терді онлайн форматта алу мүмкіндігі қарастырыл-ған. Тиісті бұйрық жобасы «Ашық НҚА» порта-лында жарияланды.

— Қазіргі қағидаларға сай, инфекциялық ауру-лар ым-ишара тілі маманының қызметтерін алуға қарсы көрсетілім болып саналады. Соның салда-рынан мұндай қызмет мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімсіз еді, — деп түсіндірді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен.

Жоба қабылданған жағдайда, бұл санаттағы азаматтар ым-ишара тілі қызметіне қашықтан қол жеткізе алады. Бұл олардың құқықтарын қамта-масыз етуге және өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етпек.

Бұйрық жобасы «Ашық НҚА» порталында 2025 жылғы 10 қыркүйекке дейін қоғамдық тал-қылау үшін орналастырылды.



ШАРУА

Егін жинау жұмыстары еліміздің 15 өңірінде жүріп жатыр. Астықты өл-келер қатарында Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары, сондай-ақ Абай, Жетісу облыстары мен Шымкент қаласы бар. Қамбаға құйылған дәннің өнімділігі жөні-нен Шығыс Қазақстан, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстары жақсы көрсеткішке жетіп отыр.

АЛТЫН ДӘН ҚАМБАҒА ҚҰЙЫЛДЫ

Соңғы деректер бойынша, егін алқабынан 2,2 млн гектар дәнді дақыл орылып, бұл жалпы егіс алқабының 13,7%-ын құрады. Бастырылған астық көлемі — 3,1 млн тонна.

Сондай-ақ бақша дақылдары да пісіп, жиналып жатыр. Жиын-терін барысында 24,4 мың тонна майлы дақыл және гектарына 239 центнерден өнім беріп 525,5 мың тонна картоп, гектарына 286 цент-нерден өнім беріп 1,6 млн тонна көкөніс, гектарына

269,9 центнерден өнім беріп 1,8 млн тонна бақша дақылдары жиналды.

Биыл кейбір өңірлерде жауын-шашын аз болға-нына қарамастан, көкөністер мол өнім берген. Мә-селен, 319,5 мың тонна қырыққабат жиналып, гектарынан 375,4 центнер өнім алынған, 256,7 мың тонна пияз жиналып, гектарынан 390 центнер өнім алынған, 98,8 мың тонна сәбіз жиналып, гектарынан 298,1 центнер өнім алынған.



Бетті дайындаған Тілек ҚАБЫЛ

«ҰЛЫ ДАЛА» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Семей қаласында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы дала» облыстық әдеби-шығармашылық байқауының марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара «AMANAT» партиясының бастамасымен, Абай облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.

Марапаттау рәсімінде «AMANAT» партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы Айдар Садырбаев сөз сөйлеп, өскелең ұрпаққа Абай аманатын дәріптеудің маңыздылығын атап өтті. «AMANAT» партиясы әлеуметтік мәселелермен қатар, ұлттық әдеби құндылықтарды насихаттауға да ерекше көңіл бөледі. Соның бір дәлелі — отандық қаламгерлерді қолдау мақсатында жүзеге асқан «Кітап-AMANAT» жобасы. Бүгінгі

байқауда жас қаламгерлеріміз поэзия, проза және балалар әдебиеті бағытында бақ сынап, сөз өнеріне деген сүйіспеншіліктерін паш етті. Жас дарындар лайықты марапаттарына ие болуда», — деді ол. Марапаттау рәсіміне облыстық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Олжас Соғымбай мен драматург, жазушы Қуат Қиықбай қатысып, жас әдебиетшілерге шығармашылық табыс тіледі.

Байқау нәтижесі бойынша, поэзия аталымында бірінші орынды — Жаксылық Асқарбеков, екінші орынды — Азамат Оразғалиев, үшінші орынды Мереке Әлмұратов иеленіп, жеңімпаз атанды. Ал проза бағыты бойынша бірінші орынды — Ақжол Қадырбекұлы, екінші орынды — Санжар Тұралы, үшінші орынды Акнұр Жұмадилова иеленсе, балаларға арналған шығарма бағытында бірінші орын — Қуат Айтқалиға, екінші орын — Бекарыс Секеновке, үшінші орын Ләззат Баяхметоваға табыс етілді. Сонымен қатар «Абай аманаты» арнайы жүлдесі акын Медет Демежановқа бұйырды. Барлық жеңімпаздар алдағы республикалық кезенге жолдама алып, әдебиет мерекесі «Ашық микрофон» жобасымен жалғасты.

АҚЖАРМАДА ОЙЫН АЛАҢЫ БАР

«AMANAT» партиясының «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында Ақжарма ауылында ойын алаңы пайдалануға беріліп, шағын футболдан ашық біріншілік өтті.




Іс-шараға партияның аудандық филиалының төрағасы, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудан әкімінің орынбасары Димаш Байдушев, «AMANAT» партиясы Сырдария аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагим-

ұлы арнайы қатысты. Сондай-ақ даңқты боксшылар Мұхтархан Ділдібеков пен Біржан Жақыпов құрметті қонақ ретінде келді. Ойын алаңының салынуына және шағын футболдан өткізілген жарыстың

ұйымдастырылуына «Ақжарма» бастауыш партия ұйымының төрағасы, аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Марат Бисенов қолдау білдірді. Аудандық партия филиалының төрағасы Ержан Әжікенов бұқаралық спортты дамыту басым бағыттардың бірі екенін айтып, Президенттің тапсырмасымен облыс әкімінің қолдауымен Сыр өңірінде, Сырдария ауданында спорт саласы қарқынды дамып келе жатқанын айтты. Ал Сидней олимпиадасының күміс жүлдегері, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Мұхтархан Ділдібеков ауылдағы спорт саласының дамуын оң бағалап, тілектестігін білдірсе, ойын алаңының салынуына қолдау білдірген Марат Бисенов ауылдың дамуына үлес қосу азаматтық парызы екенін айтып өтті. Алдағы уақытта да іргелі елді мекенді өркендету бағытында тың жобалар жүзеге асырылатынына назар аударып, ауыл тұрғындарын туған жерді көркейтуге және ел мүддесі жолында бірлесе еңбек етуге шақырды. Айта кету керек, ойын алаңының ашылуына орай ел ағаларының ауылға келген сапарында ақжармалық бес бұддіршінінің тұсауы кесілді. Жас өрендерге «Ақжарма» бастауыш партия ұйымының атынан сыйсияпат көрсетіліп, қариялар ақ батасын берді.

БАЛАНЫ МЕЙІРІММЕН ҚОЛДА, ҮМІТПЕН СЫЙЛА!



«AMANAT» партиясының «Баланы мектепке дайындайық» акциясы бүгін Түркістан қаласындағы оқушылар сарайында болып өтті. Партияның Түркістан облыстық және қалалық филиалдары, қалалық мәслихаттағы фракция мүшелері, Түркістан қалалық оқушылар сарайы бірлесіп өткізген іс-шара аясында 60 балаға мектепке қажетті сөмкелер мен мектеп киімдері табысталды.

Жалпы, бүгінгі акция шеңберінде қала мектептеріндегі жартылай жетім балаларға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға, көпбалалы отбасылар мен әлеу-

меттік тұрғыда осал топтарға жататын отбасылардың балаларына көмек көрсетілді. Аталған санаттарға жататын 100 баланың тізімін партия өкілдері қала мектептерінен жинақтап, көрсетілген көмектің мақсатты болуын үйлестірді. Қалған 40 балаға алынған сөмкелер мен мектеп киімдері олардың отбасыларына жеткізілетін болады. Акцияда «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қалыйма Жантөреева, Түркістан қалалық мәслихатының және партияның қалалық филиалының төрағасы Ғаппар Сәрсенбаев, Түркістан қалалық оқушылар сарайының директоры Индира Икапова сөз алып, балаларды білімді болуға шақырып, сәтті оқу жылын тіледі. «AMANAT» партиясы жыл сайын осы акцияны өткізу арқылы балаға қуаныш, ата-анаға сенім сыйлап жатқаны айтылды. Бүгінгі балалар еліміздің ертенгі үміті екеніне назар аударған партия өкілдері, мыңдаған оқушыларымыздың қатарынан Түркістанның тұғырын бекемдейтін перзенттер көптеп шығатынына сенім білдірді. Акция шеңберіндегі сыйлықтарды сондай-ақ Түркістан қалалық мәслихатының депутаттары мен партияның Түркістан қалалық филиалының атқарушы хатшысы Сұлтанхан Тәштеев табыстады.

ЖАҢА НЫСАНДА КЕМШІЛІКТЕР КӨП

«AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің жұмыс тобы Қос-бұлақ ауылындағы жаңа амбулаторияға мониторинг жүргізді. Нысан партияның сайлауалды бағдарламасының Жол картасы бойынша салынып, іске қосу жұмыстары жүргізілуде.



Маңғыстау аудандық орталық ауруханасының директорының орынбасары О.Мұқанова амбулаториядағы кейбір медициналық аппараттардың және жылыту қазандығының жұмыс жасауы үшін 380 квт энергия қажеттігін айтты. Тартылған электр энергиясының күші жетпегендіктен, осы аппараттардың істен шығу қаупі болатындығын жеткізді. Сонымен қатар ғимарат орналасқан аумақта орталықтандырылған кәріз жүйесі, салқын-датқыш, өрт сөндіруге және ауызсуға арналған қоймалар қарастырылмаған. Жағымсыз иіс болғандықтан әжетхана жүйесін қайта қарау қажет екендігі анықталды. Қабырғалардың ішкі, сыртқы

сылақтары түсе бастаған. Жақында жауған жаңбырдан төбесінен су кеткен, суағар салынбаған. Маңғыстау аудандық орталық ауруханасының директоры И.Серікбаев құзырлы органдарға барлық кемшіліктер толық баяндалған хат жолдап, ғимаратты пайдалануға берместен бұрын санитарлық-эпидемиологиялық талапқа сай екендігін анықтайтын арнайы сертификатталған мекеме мамандарына тесертуді сұраған. «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық жұмыс тобы осы мәселенің шешілу барысын бақылауға алды.

БАЛАЛАРҒА МЕКТЕП СӨМКЕСІН СЫЙЛАДЫ



Жаңа оқу жылы қарсаңында Шымкент қаласы мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұрсұлтан Балабиев «Баланы мектепке дайындайық» партиялық акциясы аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына мектеп сөмкесін табыстады. Игі іс-шараға қалалық партия филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, Қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Гүлжанат Баєтова қатысты.

«Жалпы, бүгінге дейін қаламызда партия мүшелері аталған акция аясында 850-ге жуық осындай сыйлықтар таратты. Мұндағы мақсат — жаңа оқу жылы қарсаңында балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, сабақты ерекше ынтымен бастауына жағдай жасау», — деді Ербол Байқонысов. Бұған дейін депутат қоғамдық қабылдау өткізіп, оған келген бірқатар ата-аналар балаларын мектепке дайындауға көмек сұраған болатын. Сол өтініштер

бойынша Нұрсұлтан Балабиев жеке қаражаты есебінен оқушыларды оқу құралдарымен қамтамасыз етті. — Барша оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Бүгінгі сыйлықтар сабақта озат болуға көмегін тигізісін деген тілегім бар. Баршаның сәттілік тілеймін, — деді депутат. Айта кетейік, табысталған сөмкелер толықтай оқу құралдарымен жабдықталған. «AMANAT» партиясы бұл игі шараны жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырады.



Бетгі дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ҚОҒАМ

26 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАТАҚХАНАСЫЗ ЖАСТАРДЫҢ ЖЫРЫ БІТЕР МЕ?

Елімізде ірі жатақхана ашатындар қарасы көп. Жарысқа түскендей көрінетіні бар. Бұрынғы біраз қонақүй, хостел, тіпті сауда үйі жабылып, реконструкциядан өтіп, маңдайшасына «Студенттер үйі» деген жаңа жазу ілді. Себебі жатақхана ашу біршама табысты бизнеске айналды. Оның қожайынына ақшаны Үкімет те, шәкірттер де қатар төлейді. Бұған қоса, мемлекеттен субсидия, артықшылық-преференциялар бар. Ал төменгі қабатын коммерциялық алаң ретінде пайдаланып, асхана, дәмхана, дүкен, басқасын ашып, қосымша пайда табуға болады. Бұл науқан «жетімбұрыш» жағалаған жастар проблемасын түпкілікті шешті ме?



Елар КАБА (қалың)

Елдос СЕНБАЙ

ЖАЙНАТЫП САРАЙ САЛҒЫЗДЫ...

«Жатақхана жарысы» тосын көрініске де ие болып жатыр. Мысалы, тұрғынының саны жөнінен ең шағын өңірдің бірі саналатын Солтүстік Қазақстан облысындағы жалғыз жоғары оқу орны — Қозыбаев университеті сыртқы кейпінің өзі бесжұлдызды қонақүйді елестететін керемет жатақхана тұрғызып, іске қосты. Оның кіреберісінде алып әріптермен Student Residence Hall деп айғайлата жазылған.

Университеттік заманауи кешен 11 қабатты екі ғимараттан тұрады. Жалпы ауданы — 27 мың шаршы метр. 1 200 төсек-орынға есептелген. Онда жайлы жиһазбен жабдықталған бөлмелер, үлкен асхана, жеке медпункт, фитнес залдары, коуоркинг-аймақтар қарасты-

ашылу рәсімі өтті. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың өзі оның тұсауын кесті. Үш блоктан тұратын алып жатақханаға бір мезгілде 2 656 адам түней алады. 6 қабатты ғимараттың ауданы — 15 мың шаршы метр. Әр блокта студенттерге жайлы тұру үшін коуоркинг, кітапхана, фитнес зал және коммерциялық алаңдар қарастырылған. Онда ЕҰУ-дың бакалавриат, магистратура және докторантура студенттері орналасады. Кешен жекеменшікте, ол мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынған.

Бұл нысан толығымен Wi-Fi-мен жабдықталған. Әр бөлменің төл жуынатын орны бар. Қолайлы лифтімен, кең есіктермен, жайлы төсек-орын, қымбат жиһаздармен жабдықталған.

— Жатақхана — бұл тек жататын орын ғана емес, сонымен бірге студенттердің жан-жақты дамуына ықпал ететін экожүйе. ЕҰУ-дың бұл

Energyprom мониторинг агенттігінің сарапшылары бұл жерде әңгіме тек жатақханадан орын сұрап жүгінген студенттер туралы ғана болып отырғанына назар аудартады. Әйтпесе, ауыл-аймақтан келген шәкірттердің үлкен бөлігі бәрібір жатақханадан орын таппайды, амалсыз қалада пәтер жалдап тұрады немесе жақын-жуық, туыс-туғанның үйін жағалайды. Мұның сыртында жатақханалардағы орын қымбаттаған.

өзектілігін жоғалтпайды. Біздің университет студенттерге қолайлы жағдай жасауды бірінші орынға қоя отырып, бұл мақсатқа жету жолында бар күшін салды. Алдағы уақытта жана «Студенттер үйінің» құрылысын жалғастырып, білім алушыларымызға бұдан да көп жағдай жасауды жоспарлап отырмыз, — деді ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов.

Айтқандай, шағындау ЖОО-лардың бірі (ресми сайтында 3 мыңнан аса студенті бары жазылған), өзін «елорданың, Орталық және Солтүстік Қазақстанның заманауи жетекші университеті» деп дәріптейтін Esil University де Астанада «еуропалық үлгідегі жана жатақхана» салып жатыр.

— Бәріңізді осындай ізгі бастамамен құттықтаймын! Біз министрлік ретінде барлық студентті жатақханамен қамту мәселесінде алда тұрамыз. 2024 жылы 10 мыңға жуық орындық жатақхана іске қосылды. Алда орын санын 15 мыңға жеткізу мақсаты тұр. Сондықтан қосымша қаражат бөлуге қатысты Мәжіліс тарапынан қаржыландыру мәселесі шешіліп жатыр. Негізгі мақсат — жатақхана мәселесін 2-3 жылда шешу, — деп мәлімдеді осы университетке келген Ғылым және жоғары білім министрлігінің аппарат басшысы Мадияр Қожахметов.

ТАПШЫЛЫҚ КАЛАЙ ЖОЙЫЛАДЫ?

Студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін түпкілікті шешу Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында міндет етіп қойылды. Тапсырманың берілгеніне биылғы қарашада үш жол толады. Жауапты тарапынан қар-

дағы кездесу барысында тұрғындар тағы да жатақхана тапшылығын тілге тиек етті. Министр «Арқалықта студенттерге арналған заманауи жатақхана құрылысы болашақта басталатынын» мәлімдеді. Бірақ ел қанша нақтыласа да, ол жарқын болашақтың қашан туатынын дөп басып айта алмады. Тек бұл — «өңір жастарына жасалатын маңызды инфрақұрылымдық қолдаудың бірі» болатынын қайталаумен шектелді.

Саясат Нұрбектің дерегінше, соңғы 3 жылда республика бойынша студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы шамамен тоғыз есе азайып, үш жыл бұрынғы 87 мыңнан 10 мыңға дейін қысқарған.

Алайда елде бұл салада шын мәнінде дағдарыс бар. Сол себепті ведомство биылғы тамызда Алматыда студенттерді жатақханамен қамту үшін арнайы орталықтар ашты. Ахуалдық орталық Алматыдағы «Бөгенбай батыр көшесі, 142» мекен-жайындағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің базасында орналасқан. Бұдан бөлек, жатақхана берілетініне сеніп, ақыры далада қалған өңірлік шәкірттер үшін М.Тынышпаев атындағы Көлік және логистика университетінде арнайы түнейтін орын — «кризис-орталық» жабдықталыпты.

— Жалпы алғанда, Алматыдан басқа еліміздің барлық өңірінде жатақхана мәселесі шешілді. Қазір Алматы қаласы — басты назарда. Кез келген курс студенттері университеттен ақпарат ала алмаған немесе орын жеткіліксіз болған жағдайда ахуалдық орталыққа жүгіне алады. Мұндай жағдайда министрлік студенттерді басқа ЖОО-лардағы резервтерге орналастырады. Шұғыл жағдайларға арналған Дағдарыс орталығында 55 орын қарастырылған. Елде орын тапшылығы ішінара хостелдерге ор-

наластыру арқылы шешіліп жатыр. Хостелдер оқу жылы басталар алдында, ортасында және студенттер орындарды босатқаннан кейін жылына үш рет тексеріледі, — деді С.Нұрбек.

АЙМАҚТЫҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ 28,5%-Ы — ЖАТАҚХАНАДА

Бір аптадан соң елдің түкпір-түкпірінен ірі қалаларға білім қуған жастар лек-лекпен ағылады, алды келіп те қойды. Министрдің мойындауынша, жылдағы сияқты биыл да студенттер үшін жана оқу жылының маңызды проблемасының бірі — жатақханаға орналасу болмақ. Өткен 2024-2025 оқу жылында қос мегаполисте жатақханаға деген өткір тапшылық туындапты. Биыл Алматыда ғана күтілетіні мәлімделді. Өзге өңірлерде өткір «дефицит» болмағанымен, жетіспеушілік байқалуы мүмкін. Оны шешу ЖОО-ларға жүктелді.

— Студенттердің оқу жылы басында көптеп келуі, әсіресе Алматы мен Астанада күтілгендіктен министрлік ахуалдық және дағдарыс орталықтарын ұйымдастырды. Ахуалдық орталық студенттерді жатақханадағы орын туралы хабарлар етеді, ал дағдарыс орталығы форс-мажор жағдайдағы, баспанасыз қалған студентті уақытша тұрғын орынмен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ елдегі барлық жоғары оқу орнында жатақханаға мұқтаж студенттерді қолдау үшін төл ахуал орталықтары, жобалық кеңсе жұмыс істейді, — деді министр С.Нұрбек.

Ол жатақханаға орналасу өтінішінің форматы онтайландырылғанын, былтырдан студенттердің жатақханадағы орынды таңдау қызметі автоматтандырылған проактивті форматқа көшірілгенін қосты. Проактивті форматты іске асыру үшін Smart Data Ukimet жүйесі мен «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесі кіріктірілді.

«2019 жылдан бері Қазақстанда 62 045 төсек-орынға арналған 251 жатақхана іске қосылды. Салыстырсақ, 2008-2018 жылдары — барлығы 9 мың орын ғана ашылған еді. Нәтижесінде, жатақхана орнының тапшылығы 2019 жылғы 82 500-ден 2025 жылы шамамен 10 000 орынға дейін қысқарды. Биыл барлық дерлік өңір бойынша жатақхана тапшылығы толығымен жойылды. Тапшылық тек Алматы қаласында қалады», — деп сендірді Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Алайда Energyprom мониторинг агенттігінің сарапшылары бұл жерде әңгіме тек жатақханадан орын сұрап жүгінген студенттер туралы ғана болып отырғанына назар аудартады. Әйтпесе, ауыл-аймақтан келген шәкірттердің үлкен бөлігі бәрібір жатақханадан орын таппайды, амалсыз қалада пәтер немесе жақын-жуық, туыс-туғанның үйін жағалайды. Мұның сыртында жатақханалардағы орын қымбаттаған.

Мәселен, Ұлттық статистика бюросының ақпаратынша, 2024-2025 оқу жылында Қазақстанда ЖОО-ларда оқыған 600 мыңдай студенттің 336,4 мыңы ауыл-аймақтан келген. Бұл алдыңғы оқу жылындағыдан 7,5% көп. Жана оқу жылында одан да жоғары болады деп болжанды.

Министрлік, университеттер мен ірі қалалардың әкімдіктері солардың өзінде жартысын да жатақханамен қамти алмайды. Ауыл-аймақтан келген студенттердің көптігі жөнінен көш басында Алматы (123,5 мың студент) тұр. Одан кейін Астана (51,9 мың) және Шымкент (28,5 мың адам) орналасты. Бестікке Қарағанды мен Қостанай қаласы енді.

Ресми мәлімет бойынша, өзге өңірлерден және ауылдан келген 336,4 мың студенттің өткен оқу жылында 131,4 мыңы жатақхана сұрап жүгініпті. Бұл 2023-2024 оқу жылындағыдан (134,6 мың) 2,4% кем. Алайда шенеуніктер осы қатары азайған жастарды да ақылы (жатақханадағы орын үшін ақы төлеу қажет) панамен қамтамасыз ете алмады. Қорытындысында, 95,9 мың студент қана жатақханада тұрып жатыр. Негізі, іске қосылатын жатақханалар санының қатты азайғаны жоғарыда келтірілді. Егер іске екіпін мен серпін бермесе, мұндай митың қарқынмен, жайбасар арынмен жауапты шенеуніктер жастардың жатақ үйінің тапшылығын түбегейлі шеше алмауы мүмкін.



рылыпты. Жана «резиденциядан» бөлек, Қозыбаев университетінде жалпы 1 365 орынға арналған тағы төрт жатақхана жұмыс істейді. Шенеуніктер бұл жана нысан тек ЖОО-ның ғана емес, жалпы СКО колледждерінің де жатақханаға қажеттілігін толықтай өтеуге мүмкіндік беретініне екпін түсірді. Алайда осы университеттің өзінде 5 765 шәкірт білім алады. Демек, өзге түгіл, олардың бәріне орын табылмауы мүмкін.

Биылғы 6 қаңтарда Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстандағы ең үлкен «Студенттер үйінің» салтанатты

студенттік кешені — Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жатақхана! Мұндағы барлық дизайн мен инфрақұрылым білім алушылар үшін ыңғайлы, кедергісіз орта құруға бағытталған. Қазақстанда алғаш рет осындай ірі студенттік жатақхана ашылуы — айтулы тарихи оқиға! — деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Осымен ең құрыса еліміздің жетекші білім-ғылым ордасының бірі саналатын ЕҰУ-дың жатақхана мәселесі шешілді ме?

— Студенттерді жатақханамен қамту мәселесі әлі бірнеше жыл

ПАРАСАТ

26 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Екі оттың ортасында қалған жайым бар. Ал мықты болсаң құтылып көр! «Бұл менің қолымнан келмейді, Көпеншілеп айтқанда, «не әнші, не композитор емеспін» деп басты алып қашуға да болар еді. Бірақ... осы «бірақты» белден басып, сытылып шығуға шамамыз жетпейтін әлсіздігіміз-ай! Сейдолла Бәйтерековтің сүйікті жары Ләззат Мұзарафқызы Бәйтерекова хабарласты: – ...Аға, құйрығын ұстатпайтын зулаған уақыт... Міне, көзді ашып-жұмғанша... Биыл Сейдолланың туғанына 80 жыл ғой... Әндерін сүйіп тыңдайтын халқы барда Сейдолла ұмыт қалмас, аталып өтер... Десе де, біздің отбасымызға да, Сейдоллаға да бөтен емессіз. Құда-жекжаттығымыз екібастан. Шығармашылығынан азды-көпті хабарыңыз бар... Шама-шарқынша насихаттап жібергеніңіздің артықтығы болмас еді...



ӘНГЕ
АЙНАЛҒАН ҒҰМЫР

БИЫЛ БЕЛГІЛІ КОМПОЗИТОР СЕЙДОЛЛА БӘЙТЕРЕКОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

әлемді жаулап алды. Біз сол сүйінші хабарды Қазақстан комсомолы аппаратының кәделі жиналысы үстінде естігенбіз. Әлі есімде, жұрт қол шапалақтап орындарынан өре түрегелді, мінбеге шыққан шешендердің тәтті сөздерін ешкім естімеді, таныс-бейтаныс эфир, сан түрлі канал тарататын теледидар кезекті хабарларын қиып тастап, сол сәттен «Әлиямен» тыныс алуға көшті.

Бір күннің ішінде әлі елге толық таныла қоймаған, белі қылдырықтай 19-дағы Роза Рымбаева мен өз-өзімен іштей арпалысып, әннің шаруасы болмаса, былайғы тірлікке көп басын ауырта бермейтін біртоға жігіт – Сейдолла Бәйтереков ойламаған жерден жұлдыз болды да шықты. Ол жұлдыздың жарығы барған сайын жарқырап, әлем сахналарын жаулай бастады. Сейдолланың басқа әндерімен қоса, «Әлия» Германия, Чехия, Словакия, Болгария, Югославия, Түркия, Украина, Иран, Оңтүстік, Солтүстік Корея елдерінің әнсүйер қауымына да таныс және табиғаттарына жақын өнер туынды есебінде қабылданды. «Әлия» халқымыздың мақтанышы, Қазақстанның Енбек Ері, «тандайына бұл-бұл ұя салған» Роза Қуанышқызының өнердегі жолын ашты. Роза өртүрлі беделді басылымдарға берген сұхбаттарында Тасқын, Сейдолла үшеуінің пікірлерін бүкпесіз ашық айтатындарын, одан шаршамайтындарын, сол жанкиярлық еңбектің арқасында ел мойындаған нәтижелерге жеткендерін бүгіп қалған емес. Биыл Жәністің сексен жылдығы тойланды ғой. Бұл сәттілік дегенді қойсаңызшы, әлде туа бітті табиғи әділеттіліктің әсері ме, бәлкім, біз түсіне бермейтін ғаламдық тосын күш – Жәністің 80 жылдығына Сейдолланың да 80 жылдығы дәл келіп тұр. Ендеше «Әлия» талай жерде тыңдаушыларымен жаңа бояу, жана

қатысуымсыз өздерімен-өздері тез арада «тіл табысты» да кете барды. Дерееу пиониноға отырдым...», – дейді Сейдолла ертеректегі бір естелігінде.

Мамандардың пайымдауынша, Сейдолла – қазақ эстрадасына еуропалық стильді қалыптастырған әрі соның тамыр жаюына бар күшін арнаған озық ойлы композитор. Бах, Моцарт, Бетховин, Чайковский, Глинка... секілді ұлтқа бөлінбейтін ұлы композиторлардың өмірлік тәжірибелерін бойына ертірек сіңірген Бәйтереков аса талғампаздық рухта әр әуен, әр әнді халқына тарту еткен сайын «өліп-тірілетіндігін» де жасырмайды. Әуен сіре, жүрегі таңғы шықтай таза, бақай есеп, пендешіліктен бойын аулақ ұстайтын, қолынан келгенінше төңірегіндегілерге жақсылық жасаудан тартынбайтын, қысқасы, әр нәрсеге қарадай-қарап қабақ шығуды,

мысының қайсысы болмасын, жүрекке жүк түсіретіні белгілі. Бәлкім, осы жанталастың арғы астарында не жатқандығын кім білсін әрі оның жауабын табуға әрекеттенудің енді қажеті шамалы. Ол балалардың жан әлемін баурайтын кішкентайларға да ән арнауы естен шығармаған. Бүгін балабақшаларда, бастауыш сыныптарында үзбей орындалып жүрген «Айдана», «Қара бала», «Жалқаубек» әндері – осы сөзіміздің куәсі. «Сақал саудасы», «Тастама отты, Прометей!», «Грандот ханшайым», «Мен ішпеген у бар ма?», «Махаббат аралы» секілді театр қойылдымдарын да әуенмен әдіптеген Сейдолла болатын. Ол «Ақ мысық», «Алтын қой», «Тышқанның баласы мектепке қалай барды?», «Ерте, ерте, ертеде...» секілді мультфильмдерді де әнмен өрнектеді. Оның сыртында «Боранды түн», «Құлыншақ», «Әлсіз әйелдің тарихы», «Несібелі», «Ауылдан келген күйеу бала» көркем фильмдерінің музыкасын жазу да Сейдолланың мойнына жүктелген-ді.

Әкесі Бәйтерек Бакбергеновтің домбыра шертіп, күй тартатындығын төңірегіндегілердің бәрі білген, ал нағашы атасы Смайыл Тұрысбеков

жалбарынып кино көрейік десек те, кешкі сеансқа балаларды кіргізбейтін, – деп еске алатын-ды марқұм Әш-аға, – Бірақ ол кемшіліктің орнын Сейдолла жымын білдірмейтін. Аккордеоншы балаға қашан да есік ашық. Сейдолланың арқасында бізге де клубтан орын табыла кететін-ді...» Жерлестігі бар, бір-бірін үнсіз түсінісетін шығармашылық байланыс Сейдолла мен жазушы, режиссер Сатыбалды Нарымбетов арасындағы ажырамас үлкен достыққа айналды. Нарымбетовтің «Жас аккордионистің өмірі» («Көзімнің қарасы») атты көркем фильмі Бәйтереков өмірбаянына арналған-ды.

Таңғалатыным, Сейдолла көзінің тірі кезінде «Мен Хэмингуэйдің жасындай ғана өмір сүремін» деп неге айтты екен? Және біреу қинағандай мұны бірнеше рет қайталаған. Әлемдегі мың-сан құпия құбылыстың сырын кім толық ашқан дейсіз... Мұны да солардың біріне жатқызып, ішімізден күбірлеп қана тыңармыз. Ләззат айтады: – 1998-дің он бірінші мамырында соңғы есептік концертін өткізді. Өзіңіз білесіз, Сейдолланың концерті қайда өтпесін, залда ине шаншар орын болмайтын. О кезде солай еді, қазір де ешбір өзгеріссіз осы көрініс үздіксіз қайталанып келеді. Концертке билет таба алмағандар менен көмек сұрайды. Сарай басшылығына өмір жүргізе алмаймын ғой. Сол концертке ұйқы көрместен соншалық жан-тәнімен дайындалды. Екі аптадан соң о дүниеге аттанып кете барды...

Ләззат тұрмысқа шыққанда Сейдолла жан-жақты толысқан, ақ пен қараны айыра білетін әтібірлі жігітін... Политехникалық институттың озат студенті Ләззат Аханова кішкентайынан өнерге бір табан жақын жүрді, институт атынан талай-талай байқауларға қатысып, жүлделі орындар алып жүрді. Құдай берген табиғи дауысы сахнаға шығып, ән салуға итермелеп тұратын. Студенттік дәуренді сағыныспен көзіне жас алмай, еске түсіретін кім бар. Ілгеріде Алматыда жоғары оқу орындары арасындағы өнер сайыстары жиі өтіп тұратын, одан Ләззат шықпапай қалған емес. Мәскеуге бармақшы боп дайындалып жатқан, «сенің дауысыңа ыңғайлы ән жазатын бір композитормен таныстырамын» деген-ді жетекшісі. Ол композиторы Сейдолла Бәйтереков еді... Екі жылдан соң үйленді.

Тағдыр бізді Ләззаттың әкесі, есімі елге белгілі геолог, бір кездегі Сәтбаев қаласы атқару комитетінің төрағасы, Қарағанды облысының құрметті азаматы, марқұм Мұзараф Аханов пен анасы, Сәтбаев қаласындағы бірнеше орта мектептерді басқарған, үлгілі ұстаз Шабал Бейсенбекқызымен жақын таныстырды. Құда-жекжат боп араластық. Сексеннің сенігіріне шыққан Шабал апаймен қазір де байланыс жасап тұрамыз. Көп оқыған, сан түрлі өмір қатпарларын жете түсінетін ақылман, көреген кісі. Жас айырмашылықтарына орай, іштерінде аздаған түйткілдері болғанымен, қызының шешіміне қайтіп қарсы тұрсын. Ләззат Сейдолламен он бес жылдай бақуатты да мағыналы, сүйіспеншілікпен, түсіністікпен жұбайлық өмір сүрді. Дүниеге Санжар, Данияр деген екі ұл келді. Екі айға дейін тұңғыштарына ат қоя алмапты, есімін Сатыбалды Нарымбетов қойыпты. Данияр – зангер, Санжар Бәйтереков – кәсіби талантты композитор. Профессор Ю.Каспаровтың класында Мәскеу консерваториясын бітірген. Бірнеше симфониялық шығармалардың авторы.

Сейдолла тірі кезінде Ләззатқа: «Мен өлсем де сендерге көктен көмектесіп жүремін... Менің әндерім сендерді аш қалдырмайды», – дейді екен. Айтқаны келді. «Сен» туындысын Ләззатқа арнаған. Осы күндері Ләззат Сейдолланың 80 жылдығын қалай өткізімін деп, жалғыз өзі ойға-қырға шапқылаумен жүр. Бұйырса, әнге айналған ғұмырдың да мерейлі мерекесі жыл соңына дейін аталып өтер. Бәрімізді соған куәгер болуға жазсын...

Иә, ән-әуен алдымен жүрекке түсуі керек дейді мамандар. Құлақ қоймаса шараң қайсы?! Сейдолла Бәйтерековтің жүрекке түспейтін жөне жүрек жатырқайтындай бірде-бір шығармасы жоқ десем, көпшілік қарсы бола қоймас. Әзірге осыған тәубе дейік...

Қуаныш ЖИЕНБАЙ



Бір күннің ішінде әлі елге толық таныла қоймаған, белі қылдырықтай 19-дағы Роза Рымбаева мен өз-өзімен іштей арпалысып, әннің шаруасы болмаса, былайғы тірлікке көп басын ауырта бермейтін біртоға жігіт – Сейдолла Бәйтереков ойламаған жерден жұлдыз болды да шықты. Ол жұлдыздың жарығы барған сайын жарқырап, әлем сахналарын жаулай бастады.

қырынан түрленіп, қайта қауышты, қайта табысты. Жалпы, Сейдолланың жетпіс пайызға жуық әндерін Роза орындапты.

...«Әлиямен» ауырғанымға талай уақыт болған-ды. Ән мақамы күллі санамды жаулап алды. Отырсам да, тұрсам да әуен менің аяғымды жерге тигізбеді. Ұшып жүрген секілдімін. Сөйтіп, толғатып, жанымды қоярға жер таппай, өзіммен-өзім аласұрып жүргенде акын Бәкір Тәжібаев ағамыздың жыр жинағы қолыма тие қалды. Өлең нобайы әуенмен менің

ашулануды қаперіне алмастан, барынша туған табиғатпен тілдесіп, желдің гулінен де өзіне қажеті «бір нәрсе» табуға тырысатын кенпейіл адамның кеудесіне қонақтайтын болса керек.

Бір ғажабы, Сейдолла әскер қатарынан оралып, «онды-солымды танып білуге қауқарым жетті-ау» дейтіндей, бір «қараға» тұяқ іліктірген соң ғана шығармашылықпен табандап айналысқан. Және текке уақыт өлтірместен, демалмастан, күні-түні дамылсыз жұмыс істеген. Ой жү-

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖЕЛ ДЕ ПАЙДАҒА ЖАРАП ТҰР

Бүгінде әлем елдері баламалы электр көздерін дамытуға мықтап көңіл бөліп келеді. Қазақстанда да «Жасыл экономика» бағдарламасы бағдарын тауып, өңір-өңірлерде жаңартылған энергия көздері іске қосылуда. Бұл бағытта Жамбыл облысы республика көлемінде алғашқы орында тұр. Енді міне, Мойынқұм ауданында да жел электр стансасы жобасы қолға алынып, энергия өндірісінің өрісі кеңеюде.

Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Облыс әкімдігі Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ғалым Исаковтың айтуынша, «Жасыл экономиканы» дамыту аясында республика көлемінде 100-ге жуық жаңа жоба енгізіліпті. Дәл қазір ел көлемінде жалпы қуаты 3032,12 мегаватты құрайтын 153 жаңартылатын энергия көздерінің нысаны жұмыс істеуде. Ал өңірде жалпы қуаты 571,3 мегаватты құрайтын жаңартылатын энергия көздерінің 22 нысаны іске қосылған. Атап айтқанда, жиынтық қуаты 24,4 мегаваттық 6 су, 275,65 мегаваттық 10 жел және 271,25 мегаваттық 6 күн электр стансалары бар.



Жамбыл облысы жел электр стансасы нысандарын салуға қолайлы болуына байланысты алдағы жылдары жалпы қуаты 2 гигаватты құрайтын 2 ірі жобаны іске асыру көзделуде. Нақтырақ тоқталсақ, Мойынқұм ауданында Total Eren жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан қуаты 1 гигаватты құрайтын жел электр стансасы салынса, Сарысу және Талас ауданында Masdar (БАӘ) компаниясы тарапынан қуаты 1 гигаватты құрайтын жел электр стансасы жобаларын іске асыру жоспарланып отыр.

Франциялық Total Eren, Біріккен Араб Әмірлігінің Masdar және Kidf компаниялары ауқымды жел электр стансаларын салуға ниет білдіріп жүргені бұған дейін айтылған. Ал Мемлекет басшысының Қытай еліне ресми сапары кезінде қытайлық State Power Investment Corporation компаниясымен осындай тағы бір жобаға келісім жасалды. Нәтижесінде, бұл салаға тартылатын инвестиция көлемі шамамен 3 миллион АҚШ долларынан асады.

Жалпы, әлемдік сарапшылардың зерттеулері сайын даламыздың басым бөлігінде желдің жылдамдығы секундына 6 метрден асатынын дәлелдеді. Ал күн энергиясын өндіру мүмкіндігі сағатына 2,5 миллиард киловатт деп белгіленген. Әсіресе, елдің оңтүстігі күннің қызуынан қуат өндіруге таптырмас өңір болып бағалануда.

Рас, бүгінде елімізде баламалы табиғат көздерден қуат алу мәселесі әлі



де болса толық шешімін таппаған. Ал әлем дамудың жаңа, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолдарын қажетсінеді. Міне, сондықтан да Қазақстан «Жасыл экономикаға» бет бұрып отыр. Еліміздің географиялық орналасу жағдайын, жел және күн энергиясын пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ мұнай және газ ресурстарының энергетикалық әлеуетін ескерсек, бұл қажеттіліктің орнын толтыру үшін де тамаша мүмкіндік.

Негізі, елімізде сағатына 1 триллион киловатт энергия өндіруге мүмкіндік бар екен. Мұны көріп, біліп отырған сарапшы мамандар еліміздің мүмкіндіктері мен артықшылықтарын толық мойындауда.

Қазір Кордай мен Сарысу аудандарында жел электр стансалары жұмыс істеп тұрса, Қаратау қаласының маңында әрқайсысы 4,5 мегаватты құрайтын 5 жел электр стансасы пайдалануға берілген. Енді Мойынқұм ауданында салынатын 1 гигаватты құрайтын жел электр стансасы энергия өндірісін тағы өрістеткелі тұр.

Осы жерде бір атап өтерлік жайт, Мойынқұм ауданында салынатын жел электр стансасының құрал-жабдықтары өзімізде шығарылады. Атап айтқанда, Шу ауданындағы «Жібек жолы» арнайы экономикалық индустриалдық аймағында SANY Renewable Energy компаниясының зияткерлік өндіріс базасы жобасы қолға алынды. «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы мен қытайлық SANY Renewable Energy компаниясының бірлескен жобасы аясында бұл аймақта жел электр стансасының құрал-жабдықтарын шығаратын зауыт салынғалы жатыр. Жобаның құны 53,6 миллиард теңгені құрайды. Аталған нысанның бірінші кезеңінің құрылыс жұмыстарын 2026 жылдың бірінші жартысында аяқтау жоспарлануда. Жылдық қуаты — бір-екі гегаватты құрайтын жел электр стансасының құрал-жабдығын шығару. Жоба аясында 88 жаңа жұмыс орны ашылады деп болжануда. Ал стансаның екінші кезеңі жүзеге асырылған соң мұндағы жұмысшы саны 300-ге жуықтамақ.

Қос кезеннің жобалық құны 114 миллион АҚШ долларын құрайды. Жалпы, бөлінген жер аумағы — 24 гектар.

— Қазіргі таңда Мойынқұм ауданында салынатын 1 гигаваттық жел электр стансасының құрылысы бойынша инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін Бетпақдала аймағынан, дәлірек айтсақ, Ермей елді мекені манайынан жел электр стансасын орналастыруға 3 мың гектар алқап қаралған. Облыс орталығынан шалғай жатқан осындай жоба іске асса, аудан экономикасының артуына оң серпінін тигізеді хак. Ең бастысы оған Шу ауданындағы «Жібек жолы» арнайы экономикалық индустриалдық аймағында жасалған құрылыс заттары пайдаланылатыны қуантады. Шындығын айтқанда, облысымызда осындай Орта Азияда баламасы жоқ SANY компаниясының жел генераторларын құрастыратын зауыт салуы бізге үлкен күш бергелі тұр. Өйткені бұл жоба — облыстың жоғары инвестициялық әлеуетін растап, тұрақты дамуы мен экологиялық таза технологияларды пайдалану негізгі бағытымыз екенін көрсетіп отыр.

Президент тапсырмасымен елге инвестиция салған инвесторларға барлық жағдайлар жасалуда. Ең алдымен, олар корпоративтік табыс, жер, мүлік салығынан және шетелден құрал-жабдықтарды тасымалдау барысында баж салығынан толығымен босатылады. Бұл инвесторлар үшін үлкен жеңілдік деп санаймын, — дейді Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ғалым Исаков.

Міне осылайша, Жамбыл облысы жаңартылған энергия көздерін өндірудің жаңа дәуіріне қадам жасап отыр. Бұл өз кезегінде ел мен өңір экономикасын өрістетіп қана қоймай, жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтің әлеуеті де артатыны анық. Ал ең бастысы табиғат-Ананың тудырған желін кәдеге жарату қос қолдап қолдауға тұрарлық.

КӨКЕЙКЕСТІ

Отбасылық зорлық-зомбылық — ұлттық қауіпсіздікке әсер ететін нәзік мәселе. Өйткені Отан — отбасынан басталады. Отбасы — мемлекет тірегі. Ал отбасын институтының әлсіреуі мемлекеттің болашағы үшін де қатер. Өкінішке қарай, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық өршіп тұр. Ал зорлық-зомбылық әлеуметтік түйткіл емес, одан да ауқымды мәселеге айналып барады. Сол себепті 2024 жылғы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған заңға қол қойған еді. Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін жазаны күшейтуді көздейді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Сонғы жылдары елімізде құқық қорғау органдары аса ауыр қылмыстармен қатар, отбасылық зорлық-зомбылықтың да алдын алуға айрықша назар аударып келеді. Бұл — жай ғана статистика үшін жасалып отырған шара емес, әрбір отбасының тыныштығы үшін күрес, қоғамдағы әр баланың көз жасын тыйып, әр ананың жан жарасын жазуға бағытталған мемлекеттік саясат. Осы орайда Ақмола облысында елдің басқа өңірлеріне үлгі боларлық тың жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн...

ҚОРҚЫНЫШТЫ СТАТИСТИКА

Ақмола облыстық полиция департаментінің деректеріне сүйенсек, биылғы жылдың жеті айында ғана өңірде 88 тұрмыстық қылмыс тіркелген. Соның ішінде 18-і аса ауыр қылмыс түрлеріне жатады. Олар — қылмыстық кодекстің 99-бабы (кісі өлтіру), 106-бабының 1-бөлігі (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру), 107-бап (орташа ауырлықтағы зиян), 112-бап (жарақат салу) және тағы басқа да баптар бойынша қозғалған істер болып шықты. Бұл сандар қоғамда отба-

ЖАБУЛЫ ҚАЗАН — ҚОҒАМ ЖАРАСЫ



сы құндылығының шайқалып бара жатқанын, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлі де болса белең алып отырғанын айғақтай түседі.

Өкінішке қарай, қоғамда ең жиі кездесетіні — физикалық зорлық-зомбылық фактілері екені мәлім болды. Ұрып-соғу, жарақаттау, түншықтыру секілді әрекеттердің құрбаны болған талай әйел мен бала үнсіз жапа шегіп жатыр. Қайғылысы сол, көп жағдайда қазақы менталитетпен «жабулы қазан жабулы күйінде» қалдырылады. Соның салдарынан, бұзақылар еш қымсынбастан заңсыз әрекетін жалғастыра береді.

Ал психологиялық зорлық-зомбылық елімізде екінші орынға шыққан. Қорқыту, тіл тигізу, кемсіту, окшаулау, абыройын түсіру сияқты әрекеттер кейде сокқыдан да ауыр тиетіні сөзсіз. Өкінішке қарай, мұндағы қысымның салдары ұзақ жылдарға созылып, жәбірленушінің психикасын күйретіп жіберетін көрінеді.

ҮНСІЗ ҚАЛҒАН ТАЕДЫРАР

Өңірде әйелдердің полицияға шағымдануы салыстырмалы түрде жоғары екені анықталды. Ал ерлерге

қатысты зорлық-зомбылық фактілері жоқ емес, бірақ олардың арыздануы сирек болып шықты. Себебі қоғамдағы «еркек өзін-өзі қорғауы тиіс» деген қасан стереотипі әлі де санада берік орныққан. Бұл талай ер азаматтың ішкі жан жарасын іште сақтап, үнсіз қалуына мәжбүр етіп отыр.

Яғни, жәбірленушілердің көпшілігі полицияға бірден жүгіне бермейді. Оның себебі де сан алуан. Атап айтқанда, «полицияға айтсаң, өлтіремін» деген сияқты сөздерден кейін қорқыныш пен қокан-лоққыдан үрейленгендер қандай қасіретті болса да жұмған аузын ашпай қалады. Сондай-ақ қоғамда экономикалық тәуелділік те аса үлкен рөл атқаратыны мәлім болды. Яғни, ажыраса қалса, отбасын асырай алмаймын деген үрей билейді. Тағы бір аса маңызды себеп — құқық қорғау органдарына сенімсіздік («бәрібір нәтиже шықпайды» деген қасан көзқарас ежелден қалыптасып қалған. Ал ең бастысы, балалар үшін аландау әкесі қамалса, отбасы толық күйзеліске түседі деген үрей бұлтты тұмшалап тастайды. Осы себептер жәбірленушілерді үнсіздікке итермелейтіні анық. Бірақ үнсіздік — зорлықтың жалғасуына жол ашатыны өкінішті.

ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҚТАРЫ — ҮМІТ ОТЫ

Ақмола облысында зорлық-зомбылық құрбандарына арналып, үш бірдей дағдарыс орталығы жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Мәселен, Степногорскідегі «Өмір», Көкшетаудағы «Шанс», Қосшыдағы «Аққудың» қоғамда алып отырған орны зор. Бұл мекемелерде



Ең бастысы, 111 сенім телефоны арқылы тәулік бойы тегін кеңес беріледі. Бұл — жәбірленушілерге алғашқы көмек пен қолдау көрсетудің қолжетімді құралына айналған.

Әйелдер мен балаларға алты айға дейін паналау мүмкіндігі ұсынылады. Сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік, құқықтық қолдау көрсетіледі. Жұмысқа орналастыру, медициналық көмек, балабақшаға жіберу, жәрдемақы рәсімдеу сияқты маңызды мәселелер де оңтайлы шешімін табады.

Ең бастысы, 111 сенім телефоны арқылы тәулік бойы тегін кеңес беріледі. Бұл — жәбірленушілерге алғашқы көмек пен қолдау көрсетудің қолжетімді құралына айналған.

Жалпы, мемлекет бұл мәселеге жай ғана «қылмыс фактісі» деп қарамайды. Бүгінде зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін соңында бағдарламалар іске қосылған. Соның бірі — Одаға пилоттық жобасы. Бұл халықаралық тәуекелді бағалау әдісі арқылы қайта құқықбұзушылыққа бейім адамдарды дереу анықтап, олардың іс-әрекетіне жол бермеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Отбасы цифрлық картасы» әлеуметтік тұрғыдан әлсіз отбасыларды дер кезінде анықтап, қажетті көмекті уақытылы көрсетуге ықпал етуде. Шалғай ауылдарға мобильді топтар барып, профилактикалық жұмыстар жүргізіп келеді.

ЖАҢА ЗАҢ — ЖАҢА ТӨРТІП

Былтырғы маусымнан бастап елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты заңнама түбегейлі өзгерді. Бұрынғы айыппұл мен ескерту шаралары алынып тасталды. Енді ұрып-соғу мен жеңіл жарақат салу — қылмыстық іс болып есептеледі. Ең маңыздысы, полиция арыз болмаса да, әлеуметтік желідегі ақпарат не БАҚ арқылы қылмысты тіркеу міндетті. Бұл — зорлыққа қарсы «нөлдік төзімділік» қағидасының нақты көрінісі. Сонымен қатар зорлық-зомбылық жасағандарға міндетті психологиялық көмек көрсету тәртібі енгізілді. Бұл шара — қылмыскердің сана-сезімін өзгертуге, қайталап қылмыс жасауға жол бермеуге бағытталған.

АҚПАРАТТЫҚ МАЙДАН

Биыл Ішкі істер министрлігі бастама-сымен «Құқықбұзушылық профилактикасы жылы» деп жарияланып, ел бойынша ғанауқымды акциялар өткізіліп жатқаны рас. Облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, өңірде алдын алу шаралары аса қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді.

Ақмола облысында «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы, «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты республикалық акция жүзеге асырылды. Флешмобтар, челлендждер, брифингтер ұйымдастырылып, оған 600-ден астам азамат қатысты, — дейді Ақмола облысы Полиция департаментінің ресми өкілі Гүлнәр Пинчук.

Полиция дерегінше, өткен жылдың соңында Бейбітшілік және келісім сарайында өткен республикалық жиынға мемлекеттік органдар, ҰЕҰ, қоғам қайраткерлері қатысып, аса зор тәжірибе алмасқан. Бұл — зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тек полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін тағы бір мәрте дәлелдей түскені.

P.S.

Қазақтың тағы бір тәмісі бар: «Әйел — үйдің шырағы, бала — шаңырақтың шуағы». Өйткені шырағы сөнген, шуағы өшкен үйден береке қанады. Ал берекесіз отбасы — берік мемлекет құра алмайды. Рас, Ақмола өңірінде құқық қорғау органдары жүйелі жұмыс атқарып келеді. Бірақ бұл — тек полицияның емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Яғни, әділетті мемлекет құрудың басты шарты — заңға құрмет, отбасына қамқорлық, қоғамға жауапкершілік болып қала бермек...

ДОДА

26 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» – «СЕЛТИК»: АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА АЙҚАСАДЫ

Шотландияның «Селтиг» 5 700 шақырымды артқа тастап, Алматыға келді. Олар «Қайратпен» екеуара Чемпиондар лигасы негізгі кезеңінің жолдамасын сарапқа салады. Клубын қолдау үшін сонау Франкфурт – Ыстан-бұл – Астана – Алматы бағы-тында ұшып келген жанкүйер-лер де бар. Олар елорданы кішігірім Дубайға теңеп, артын-ша Медеуді бетке алмақ. Ойын туралы ойын Ермұхамед Мәу-ленге айтып беріпті.

А Айзат АЙДАРҚЫЗЫ
ГЛАЗГОДАН ЖЕТКЕН СӘЛЕМ

Иә, 26 тамыз күні Алматы жұрты алғаш рет орталық стадионда Чемпиондар лигасы гимнін естиді. Мұндай толқынысты сәт бұрын-соңды туған жоқ. Сондықтан «Қайрат» жігіттері не бел, не белбеу кететінін біліп жүр. Осы ретте белгілі спорт журналисі Ермұхамед Мәулен «Селтик» жанкүйерімен сұхбаттасып, оның матч туралы болжамын сұраған. Қазақстанға алғаш рет ат басын бұрған Джон ойын алдында кобалжып тұрғанын жасырмады. Өйткені шотландиялық команданың Еуропадағы өнеріне көңілі толмай жүр. Ол шабуылшы Дайзен Маэда алда ойнаса, үзілістен кейін бірнеше гол соғамыз деп отыр. Оның ойынша, 2:0 есебімен Глазгодан келген команда жеңіске жетеді.

Сондай-ақ «Селтик» жанкүйері Франк-фурт – Ыстанбұл – Астана бағытында ұшып келіп, елордада тыныққан. Джонға қала тынысы, көшесі ұнапты. Астананың әуелім ғимаратына карап, кішігірім Дубайға ұқсай-тынын айтқан. Журналистке берген сұх-батында 25 тамыз күні Алматыға ұшып, сол күні Медеуді аралайтынын айтқан екен. Алатау бөктеріндегі қала жайлы білетінін, әсіресе әдемі тау көрінісін тамашалауға кетіп бара жатқанын жеткізген.



Байқағаныңыздай, шотландиялықтар елге бекер келмеген. Бапкерінің де, қолдау-шысының да бар ойы — жеңіс. «Қайраттың» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин де «Селтик-тің» алғашқы кездесуде алматылық клубты бағаламағанын айтады. Яғни, қарымта матч біз ойлағаннан басқаша өрбуі мүмкін.

«Бұл ойында «Селтик» есесін қайтаруға тырысады. Соған дайын болу керек. Олар барын салады. Біз де аянып қалмаймыз. Білесіздер, шотландиялық клубтағы бір фут-болшының бағасы — күллі «Қайраттың» құнына тең. Шабуыл шебіндегі бар ойын-шысынан қауіптенуге болады. Сондықтан қандай сценарий болмасын, дайынбыз. Матч пенальтиге жалғасса да, соңына дейін күресеміз. Орталық стадионда жанкүйер жадында сақталатын кездесу өткізуге тыры-самыз», — деді баспасөз мәслихатында «Қайраттың» бас бапкері.

Сонымен, ойынға «Қайрат» сапынан сары қағазға байланысты Дастан Сәтпаев, жаракаты бар Сантана мен Жоау Паулу алаңға шықпайды. Уразбахтиннің айтуын-ша, Сәтпаев ойынға қатыса алмайтынына қатты қынжылған. Екі күн ешкіммен сөй-



леспей, окшаулау жүрген. Оған қоса, қақпа-шы Заруций тізесінен жарақат алып, оның орнына Темірлан Анарбеков шығады. Бұл 21 жастағы қақпашы үшін тамаша мүмкіндік. Өткен ойында басы жарылып жатса да, қасқайып қарсы тұра білді. Бір сейв жасап үлгерді. Сейсенбідегі кездесуде де бар өнерін салады деп ойлаймыз.

БІР ГОЛДЫҢ СОҒЫЛАРЫ АНЫҚ, БІРАҚ...

Айталық, Брендан Роджерс Алматыға бекер келген жоқ. Бірінші матчтан кейін-ақ жинақталатынын, келесіде мұндай ойын көрсетпейтінін айтқан. «Қайрат» қамшыла-ды ма, Шотландия чемпионатында «Ли-вингстонды» 3:0 есебімен жеңген. Алматыға 25 тамыз күні жетіп, дайындыққа кіріскен. Бапкердің жігіттерін бір сыбап алғаны анық. Өйткені «Селтик паркте» өткен матчта жан-күйерлер наразы болды. Әуелде «Қайратты» қалпақпен қағып аламыз деп ойлағаны рас. Оған алматылық клуб офсайдан салған бір голмен, жанкешті ойынымен жауап берді.



«Қайрат» - «Селтик» ойынына болжам жасау қиын. Бәріміз жергілікті клубқа жанкүйер боламыз. Объективті түрде қара-сақ, «Селтик» —өте мықты коман-да. Олардың Алматыға жеңіс үшін келгені түсінікті. Позитивті сценарий десек, «Қайрат» үшін гол жібермей, қақпасын құрғақ ұстау міндеті тұр. Әйтіп-бүйтіп жүріп бір гол соғып алу жағы тағы бар.

«Негізі, «Қайрат» - «Селтик» ойынына болжам жасау қиын. Бәріміз жергілікті клубқа жанкүйер боламыз. Объективті түрде қарасақ, «Селтик» — өте мықты команда. Олардың Алматыға жеңіс үшін келгені түсінікті. Позитивті сценарий десек, «Қайрат» үшін гол жібермей, қақпасын құрғақ

ұстау міндеті тұр. Әйтіп-бүйтіп жүріп бір гол соғып алу жағы тағы бар. Өйткені бірінші матчта қорғаныста тамаша ойын көрсетті. Тек қана айып алаңына жатып алмай, жыл-дам қарымта шабуыл жасады. Оған қоса, стандартта да мүмкіндігін пайдалануға ты-рысты. «Қайрат» 1:0 есебімен жеңіске жетеді деп ойлаймын. Десе де, қиын матч күтіп тұр. Алға, «Қайрат!» — деді Setanta Sport ком-ментаторы Дидар Есемов.

Болжам жасау барысында басқа да нұс-қаны қарастырып көрдік. Егер «Селтик» жылдам шабуылдап, гол соқса қалай бола-тынын талдадық. Сарапшылардың айтуын-ша, мұндайда «Қайратқа» қасық қаны қал-ғанша шабуылдауға тура келеді.

«Қайрат» - «Селтик» ойынына болжам айту қиын. Әгәрәки, бірінші голды «Селтик» соқса, «Қайрат» тек шабуылдайды. Артқа шегінерге жол болмайды. Есепті кем дегенде теңестіру үшін ойнайды, барын салады. Бұрыштама көтереді, стандарт ситуациясын өз пайдасына шешуге тырысады. Допка көбірек иелік ете бастайды. Есепті теңестіріп алса, экстратаймға жетудің бар амалын жасауға тырысады», — деді футбол сарапшы-сы Ермұхамед Мәулен.

Белгілі комментатор Ермұхамед Мәулен де әріптесінің сөзімен келесі. «Қайраттың» бір доп айырмасымен жеңіске жететініне сенеді. «Сары-қаралардың» алғашқы ойын-дағыдай қорғанысқа көбірек көңіл бөлетіні үшін Мартынович сияқты қорғаушылардың ұрымтал тұсты жібермегені абзал. Эдмил-сондай шабуылшылардың барын салғаны керек. Сондай-ақ Дидар Есемов Уразбахтин шөкірттерін жанкүйер қолдауына мас бол-май, эйфорияға берілмей ойнайды деп отыр. Дастан Сәтпаевтың алаңға шықпайтынын аса әсер етпейтінін, шабуылда Рикардиньо, Жоржиньо барын атап өтті. Бірақ «Селтик» гол соғып кетсе, Сәтпаевтың импровиза-циясы, алаңда амал тауып кетер шеберлігі жетпей тұратынын айтты.

«Селтиктің» осыған дейін Қазақстанға үш рет келгені тағы бар. Үшеуінде де жолы болмады. Аталған кездесулер «Астана-Аренада» өткен-ді. 2013 жылы «Шахтер» жасылдарды» 2:0 есебімен тізе бүктірген. Одан кейін екі рет «Астанаға» қарсы матч өткізіп, 2016 жылы тең таркасса, 2017 жылы 4:3 есебімен жеңілді.

Орталық стадиондағы тарихи матчтың төрешісі — Маурицио Мариани. Одан бөлек, үш төреші мен бейнекайталуға жауапты екі төреші бар. Ал статистикаға келсек, «Селтик» сырт алаңдағы кейінгі төрт ойында жеңілме-ген. Үш рет жеңіске жетіп, бір рет тең ойна-ған. «Қайрат» болса, орталық стадионда өткен кейінгі үш ойында жеңілмеді. Сондай-ақ Чемпиондар лигасы аясында «Олимпия-дан», «КуПС» пен «Слованнан» да басым түсті. Өттеген-айы чемпионатта «Елімайға» есе жіберді. Сөйте тұра, «Селтик паркте» Глазго жұртымен «шайқасып» қайтты. Шот-ландиялық клубпен ұрыстың жақын екенін топшылаған «Окжетпес» жігіттік жасап, чемпионаттағы кездесуді кейінге қалдырды. Естеріңізде болса, «Астана» да «Лозаннамен» қарымта матч алдында КПЛ-ді кейінге шегерген еді. Бірақ нәтиже көңіл көншітпеді. Ал алматылық жігіттерге демалыс жақты ма, жоқ па, сейсенбі күні белгілі болады.

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қыз-метінің хабарлауынша, Астанада 11-15 қыркүйек аралығында шорт-тректен жеке қашықтық бойын-ша Қазақстан чемпионаты өтеді. Республикалық біріншілік арқылы алдағы халықаралық додаларға, жаңа маусымға қатысатын құрам жасақталады.

Биыл чемпионатта еліміздің 10 өңірінен 100-ден астам спортшы бақ сынаиды. Қатысушылар арасында ұлттық құрама сапында әлемдік додаларда ел намысын қорғап жүрген шорт-трекшілер де бар. Атап айтсақ, Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов, Абзал Әжғалиев, Яна Хан, Алина Ажғалиева, Мадина Жанбусинова, Ольга Тихонова.

Шорт-тректен мемлекеттік жаттықтырушы Азамат Алиевтің айтуынша, күзде 2026 жылы Миланда өтетін қысқы Олимпиада ойындарына қатысу үшін қажетті ұпай жинайтын лицензиялық жарыстар басталады.



АННА ДАНИЛИНА ТОП ЖАРДЫ

Теннисші Анна Данилина АҚШ-тың Кливленд қаласында өткен WTA 250 турнирінің жеңімпазы атанды.

Финалда Анна Данилина серб Александра Круничпен жұптасып, Хао Чин Чань (Тайбэй)/Синью Янь (Қытай) жұбын 7:6(7:3), 6:4 есебімен жеңді. Осылайша, Анна жұптық сайыста WTA турнирлерінде 14 рет чемпион атанып отыр.



ПАНАРИН КҮМІС МЕДАЛЬ АЛДЫ

Қазақстан бадминтон құрамасының көшбасшысы Дмитрий Панарин Камерун астанасы Яундеде өткен ірі халықаралық турнирдің финалында өнер көрсетті.

Ұлттық олимпиада комитетінің мәліметінше, ерлер арасындағы жекеley сайыстың шешуші ойынын-да казакстандық спортшы Индо-незия өкілі Прадиска Шудживомен кездескен. Кездесу 2:0 есебімен (21:13, 21:7) қарсыластын пайдасына шешілген. Сөйтіп, Панарин жарысты екінші орынмен аяқтаған.



 AMANAT MEDIA GROUP АЙQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жаннат ҚАЙЫРЖОИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklam.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4632 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Муканов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	--	--	--	---